

## "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 05 маусымдағы № 125 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 07 шілдеде № 3271 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 145 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 26.09.2016 № 145 қаулысымен.**

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Манат Ришат Манатұлына жүктелсін.

3. Аудан әкімі аппаратының басшысы Манат Ришат Манатұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Жүнісов*

Балқаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 125 қаулысымен бекітілген қосымша

## "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің өкімдері мен шешімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040300, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, № 66.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын

міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Міндеттері: Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

- 1) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;
- 2) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;
- 3) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 4) табысы аз адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізу, жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- 5) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;
- 6) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 7) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;
- 8) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 9) шаруашылықтар бойынша есепке алуды жүзеге асыру;
- 10) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;
- 11) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;
- 2) оперативті басқару құқығына қарасты мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;
- 3) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

17. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын әкім жүзеге асырады.

18. Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округінің әкімін Балқаш ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

20. Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

- 1) өз құзыреті шегінде "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындауына міндетті шешімдер, өкімдер және нұсқаулар шығарады;
- 2) "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау үшін дербес жауапты болады;
- 3) өз құзыреті шегінде "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіруге;
- 4) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округінің әкімі өз орынбасарының

өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

22. Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын әкім басқарады.

#### **4. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

23. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.